


Қысқа анықтамалық нұсқаулық

Екі тармақты дисплейі бар принтер моделін пайдалану

Принтер туралы ақпарат

Принтердің басқару панелін пайдалану



	Компонент	Міндеті
1	Мәзірді шақыру батырмасы	Мәзірді ашу үшін қызмет етеді. Ескертпе. - Бұл мәзір принтер Дайын күйінде болғанда ғана қол жетімді. - Мәзір бойынша жылжытуда батырманы басу пайдаланушыны принтерді басқару панеліндегі неғұрлым жоғары деңгейдегі мәзірге әкеледі.
2	Көрсету	Сканерлеу параметрлерін, сондай-ақ күйі және қателер туралы хабарламаларды қарау.
3	«Ұйқы» батырмасы	Ұйқы режиміне немесе гибернация режиміне ауысу. Ескертпе. - Кез келген батырманы басу принтерді ұйқы режимінен шығаруға әкеледі. - Ұйқы режиміне немесе қуат көзін ауыстырып-қосқыш принтерді гибернация режимінен шығарады.
4	"Стоп" батырмасы	- Мәзір режимінен шығу және дайын күйіне оралу. - Принтер операцияларын тоқтату, мысалы шрифттерді шығару немесе жүктеу.
5	Оңға сызығы бар батырма	- Мәзірді бұрау немесе экрандар және мәзір тармақтары арасында жылжыту. - Параметрлер немесе мәтінді жылжыту. Сандық мәндері бар мәзір үшін параметрлер тізімін басыңыз және бұрауға арналған батырманы ұстап тұрыңыз. Талап етілетін мән дисплейде пайда болғанда батырманы жіберіңіз.
6	"Таңдау" батырмасы	- Мәзірді ашу үшін қызмет етеді. - Мәзір тармағын ашады және мүмкін мәндерді немесе күйлеуді көрсетеді. Үнсіз қалу бойынша ағымдық параметр жұлдызшамен (*) белгіленген. - Үнсіз қалу бойынша жаңа пайдаланушылық күйле түрінде көрсетілетін мәнді сақтау үшін пайдаланылады.

	Компонент	Міндеті
7	Солға сызығы бар батырма	- Мәзірді жылжыту немесе экрандар және мәзір тармақтары арасында жылжыту. - Параметрлер немесе мәтінді жылжыту. Сандық мәндері бар мәзір үшін параметрлер тізімін жылжытуға арналған сызығы бар батырманы басыңыз және ұстап тұрыңыз. Талап етілетін мән дисплейінде пайда болғанда жіберіңіз.
8	"Артқа" батырмасы	Алдыңғы экранға қайту.
9	Жарық индикаторы	Принтер күйін анықтау.

Ұйқы режиміне және индикатор түстерімен ауысу батырмасы жарығының түстерімен танысу

Принтерді басқару панелінде ұйқы режиміне және индикатор түсіне ауысу батырмасының түстерін принтер күйі белгілейді.

Жарық индикаторы	Принтер күйі
Сөнд	Принтер ағытылған немесе гибернация режимінде болады.
Жасыл түспен жанады	Принтер қыздырылады, деректерді өңдейді немесе басып шығарады.
Үнемі жасыл түспен жанады	Принтер қосылған, тұрып қалады.
Қызыл түспен жанады	Пайдаланушының араласуы талап етіледі.

Ұйқы режиміне ауысу батырмасының жарығы	Принтердің жағдайы
Сөнд	Принтер сөндірілген, күту режимінде немесе дайындық жағдайында болады.
Үнемі сары түспен жанады	Принтер ұйқы режимінде болады.
Сарымен жанады	Принтер гибернация режиміне кіреді немесе шығады.
0,1 секундқа сарымен жанады, одан кейін толығымен 1,9 секунд ішінде жанады және осылайша кезек-кезек	Принтер гибернация режимінде болады.

Қағаз форматын және типін беру

1. Принтердің басқару панелінен таңдаңыз:

 >«Қағаз» мәзірі >  >Қағаздың форматы

және типі > 

2. Тартпа мқлшері [x] немесе Тартпа түрі [x]

таңдаңыз, ал одан кейін басыңыз 

3. Қағаз форматын немесе типінің мәнін өзгертіңіз,

одан кейін басыңыз 

Ескертпе.

- Стандартты тартпа үшін қағаз форматының параметрі
- 250 параққа (1-тартпа), қосымша тартпа 250 немесе 550 параққа (2-тартпа) және көп мақсатты беу құрылғысын «Қағаз форматы» мәзірінің көмегімен қолмен күйлеу қажет.
- 1-тартпадағы «Қағаз типі» параметрі үшін үнсіз қалу бойынша зауыттық күйлеу «Кәдімгі қағаз» мәні болып табылады.
- Көп мақсатты беру құрылғысында «Қағаз түрі» параметрі үшін үнсіз қалу бойынша зауыттық күйлеу «6-пайдаланушылық түрі».
- «Қағаз түрі» параметрін барлық тартпалар үшін қолмен шығару қажет.

Universal форматты қағазға арналған параметрлерді күйлеу

Universal қағазының форматын пайдаланушы береді және принтер мәзірінде ұсынылмаған форматы бар қағазда басып шығаруға мүмкіндік береді.

Ескертпе.

- Неғұрлым аз қолданылатын Universal 76 x127 мм (3 x 5 дюйм) форматы тек көп мақсатты беру құрылғысы үшін ғана жүктеледі.
- Барынша көп формат Universal 216 x 355,6 мм (8,5 x 14 дюйм) тек қағазы беру үшін барлық құрылғыларға ғана жүктеледі.

Принтерді басқару панелінде таңдаңыз:

 >Қағаз мәзірі >  > Әмбебап күйлеу > 
>Өлшемі бірліктері >  > өлшем бірліктерін таңдаңыз > 

Қағаз парақтың биіктігі және енін анықтау

1. Принтердің басқару панелінен таңдаңыз:

 >Қағаз мәзірі >  > Әмбебап күйлеу > 

>Өлшемі бірліктері >  > өлшем бірліктерін таңдаңыз

> 

2. Сызықтары бар батырмалар көмегімен Кітап бағдарындағы биіктік немесе Кітап бағдарындағы ені

тармағын таңдаңыз кейін басыңыз 

3. Параметрлерді өзгертіңіз және батырмасын

басыңыз 

Тонер тығыздығын күйлеу

Қондырылған веб-серверді пайдалану

1. Веб-браузерді ашыңыз және адрес жолына принтердің IP-адресін енгізіңіз.

Ескертпе.

- TCP/IP «Желі/порттар мәзірі» тарауында принтердің IP-адресін тексеріңіз. IP-адрес нүктемен бөлінген сандардың төрт жинағы түрінде көрсетіледі, мысалы 123.123.123.123.
- Егер прокси-сервер пайдаланылса, оны уақытша веб-парақты дұрыс жүктеуді қамтамасыз ету үшін ағытыңыз.

2. Параметрлер >Басып шығару параметрлері >Мәзір «Сапа» >Тонер тығыздығы таңдаңыз.

3. «Тонер тығыздығы» параметрінің мәнін күйлеңіз.

4. Жібери батырмасын басыңыз.

Компьютерде принтерді күйлеу бағдарламасын пайдалану

Операциялық жүйеге байланысты жергілікті принтерді күйлеу немесе Printer Settings бағдарламасының көмегімен тонердің тығыздығы параметрін күйлеңіз.

Принтерді басқару панелін пайдалану

1. Принтерді басқару панелінде таңдаңыз:

 >Параметрлері >  >Басып шығару параметрлері >  > "Сапа" мәзірі >  >Тонер

тығыздығы > 

2. Тонер тығыздығын күйлеу.

3. Басыңыз 

Тартпаларды байланыстыру және тартпадан байланыс тізбегін алу

Қондырылған веб-серверді пайдалану

1. Веб-браузерді ашыңыз және адрес жолына принтердің IP-адресін енгізіңіз.

Ескертпе.

- TCP/IP тарауында «Желі/порттар» мәзірінде принтердің IP-адресін тексеріңіз. IP-адрес нүктелермен бөлінген сандардың төрт жинағы түрінде көрсетіледі, мысалы 123.123.123.123.
- Егер прокси-сервер пайдаланылса, веб-парақты дұрыс жүктеу үшін оны уақытша ағытыңыз.

2. Параметрлер > «Қағаз» мәзірін таңдаңыз.

3. Осы тартпа үшін қағаз түрі және форматын көрсету үшін тартпа параметрлерін өзгерту.

- Тартпаларды байланыстыру үшін басқа тартпаға да Қағаздың форматы және типі берілуін тексеріңіз.
- Тартпалар арасындағы байланысты жою үшін тартпалар үшін қағаздың әр түрлі форматтары және түрлері көрсетілуін тексеріңіз.

4. Жібери батырмасын басыңыз.

Компьютерде принтерді күйлеу бағдарламасын пайдалану


«Қағаз» мәзіріне рұқсат үшін операциялық жүйеге байланысты қызметтік бағдарлама қажет

Ескертпе. Сондай-ақ қағаз форматын және тартпа түрін, принтердің басқару панелін пайдалана отырып көрсетуше болады. [«Форматты және қағаз түрін беруді» 2-бетте](#) толығырақ қараңыз.

ЕСКЕРТУ. Зақымдану мүмкіндігі: Тартпаға салынған қағаз принтер күйлеуінде көрсетілгендей болуы тиіс. Термоблок температурасы көрсетілген қағаз түріне байланысты өзгереді.

2,4 дюймді өлшемді экраны бар принтер моделін пайдалану

Принтер туралы ақпарат Басқару панелін пайдалану



	Пайдалану	Не үшін
1	Керсету	Принтер күйін және хабарламасын қарау. Принтермен жұмысты күйлеу.
2	Солға сызығы бар батырма	Солға бұрау.
3	"Таңдау" батырмасы	Мәзір параметрлерін таңдау. Күйлеулерді сақтау
4	Солға сызығы бар батырма	Үстіге жылжыту.
5	Оңға сызығы бар батырма.	Оңға жылжыту.
6	Перетақта	Сандар, әріптер немесе символдар енгізу.

	Пайдалану	Не үшін
7	Ұйқы режиміне ауысу батырмасы	Ұйқы режиміне немесе гибернация режиміне ауысу. Принтерді ұйқы режимінен шығару үшін келесі әрекеттерді орындаңыз: • кез келген батырманы басыңыз • Компьютерден баспаға анықтауды жіберу • Ажыртақыш көмегімен қуат көзін қосу бойынша күйлеулерді түсіруді орындау Принтерді гибернация режимінен шығару үшін келесі әрекеттерді орындаңыз. • Принтер тиісті режимінен шыққанға дейін «Ұйқы режимі» батырмасын басыңыз. • Қуатты ажыратқыш көмегімен қосу бойынша күйлеулерді түсіруді орындау
8	«Стоп» немесе «Жою» батырмасы	Принтердің барлық операцияларын тоқтату.
9	"Артқа" батырмасы	Алдыңғы экранға қайту.
10	Төмен сызығы бар батырма	Төменге жылжыту.
11	"Бастапқы экран" батырмасы	Бастапқы экранға оралу.
12	Жарық индикаторы	Үнсіз қалу бойынша мәні қолданылады

Қағаз форматы және түрін анықтау

1 Принтердің басқару панелінде таңдаңыз: Одан кейін

>Күйлеулер > >Меню «Қағаз» >

>Меню «Қағаздың форматы және типі» >

2 Керек тартпаны таңдау үшін, жоғары және төмен сызығы бар батырманы басыңыз одан кейін батырмасын

басыңыз

3 Жоғары және төмен сызығы бар батырманы, қағаздың керек форматын таңдау үшін басыңыз, одан кейін

батырмасын басыңыз

4 Жоғары немесе төмен сызығы бар батырманы қағаздың керек форматын таңдау үшін басыңыз, одан кейін,

күйлеулерді өзгерту үшін батырмасын басыңыз

Universal форматты қағаз үшін параметрлерді күйлеу

Universal қағазының форматын пайдаланушы береді және принтер мәзірінде ұсынылмаған форматта қағазда басып шығаруға мүмкіндік береді.

Ескертпе.

- Неғұрлым аз қолданылатын Universal 76 x127 мм (3 x 5 дюйм) форматы тек көп мақсатты беру құрылғысына жүктеледі.
- Неғұрлым үлкен формат Universal 216 x 355,6 мм (8,5 x 14 дюйм) тек қағаз беру үшін барлық құрылғыларға ғана жүктеледі.

1 Принтердің басқару панелінде таңдаңыз:

>Параметрлер > >Қағаз мәзірі >

>Әмбебап күйлеу > >Өлшем бірліктері >

> өлшемі бірлігін таңдаңыз >

2 **Кітап** - Ені немесе **Кітап** – Биіктігін таңдаңыз, ал солға және оңға сызығы бар батырмасының көмегімен параметр

мәнін өзгертіңіз және батырмасын басыңыз

Қондырылған веб-серверге рұқсат

Қондырылған веб-сервер – бұл принтердің веб-парағы, тіпті оның жанында болмасаңыз да принтерді қашықтықтан қарауға және күйлеуге мүмкіндік береді.

- 1 Принтердің IP-адресін алу.
 - Принтердің басқару панелінде бастапқы экранда
 - «TCP/IP» тарауында «Желі/порттар» мәзірі
 - Желіні немесе мәзір параметрлерін күйлеу немесе «TCP/IP» тарауын іздеу жолымен парақты басып шығару жолымен

Ескертпе. IP-адрес нүктелермен бөлінген сандардың төрт жинағы түрінде көрсетіледі, мысалы **123.123.123.123**.

- 2 Веб-браузерді ашыңыз және адрес жолына принтердің IP-адресін енгізіңіз.
- 3 **Enter** түймесін басыңыз.

Ескертпе. Егер прокси-сервер пайдаланылса, веб-парақты дұрыс жүктеуді қамтамасыз ету үшін оны уақытша ағытыңыз.

Тонер тығыздығын күйлеу

Қондырылған веб-серверді пайдалану

- 1 Веб-шолушыны ашыңыз және принтер адресі жолына IP-адресін енгізіңіз.

Ескертпе.


- TCP/IP тарауында «Желі/Порттар» мәзірінде принтердің IP-адресін тексеріңіз. IP-адрес нүктелермен бөлінген сандардың төрт жинағы түрінде көрсетіледі, мысалы 123.123.123.123.
- Егер прокси-сервер пайдаланылса, оны уақытша ағытыңыз, веб-парақты дұрыс жүктеуді қамтамасыз ету үшін.

- 2 **Параметрлер > Шығару параметрлері > «Сапа» мәзірі > Тонер тығыздығын таңдаңыз.**

- 3 Тонер тығыздығын реттеңіз, одан кейін **Жіберуді** шертіңіз.

Принтердің басқару панелін пайдалану

- 1 Принтердің басқару панелінде таңдаңыз:



Мобильдік құрылғыдан шығару

Мобильдік құрылғыларымен басып шығару үшін сәйкес келетін қосымшаны жүктеу үшін біздің веб-торабымызға кіріңіз немесе принтерді сатып алған орынға жүгініңіз.

Ескертпе. Сонымен қатар мобильдік құрылғылармен басып шығару үшін сайтта осы мобильдік құрылғылар қол жетімді болуы мүмкін.

Тартпаларды байланыстыру және байланыс тізбегінен тартпаны алып тастау

- 1 Веб-браузерді ашыңыз және адрес жолына принтердің IP-адресі енгізіңіз.

Ескертпе.

- TCP/IP тарауында басқару панелінде мәзірдің "Сети/Порты" тарауында IP-адресі қараңыз. IP-адрес нүктелермен бөлінген сандардың төрт жинағы түрінде көрсетіледі, мысалы 123.123.123.123.
 - Егер прокси-сервер пайдаланылса, веб-парақты дұрыс жүктеуді қамтамасыз ету үшін оны уақытша ағытыңыз.
- 2 **Параметрлер > «Қағаз» мәзірін таңдаңыз.**
 - 3 Байланысты тартпалар үшін қағаз түрін күйлеулер және қағаз форматын өзгертіңіз.
 - Байланысты тартпалар үшін қағаздың форматы және бір тартпаның түрө басқа тартпаға сай келетініне көз жеткізіңіз.
 - Тартпаларды байланыстыруды жою үшін бір тартпадағы қағаздың форматы және түрі басқа тартпаларға сәйкес келмейтініне көз жеткізіңіз.
 - 4 **Жіберу** батырмасын басыңыз.

Ескертпе. Сондай-ақ қағаш форматын және қағаз түрінің параметрлерін басқару панелін пайдалана отырып өзгертуге болады. Толығырақ 3-бетте [«Қағаз форматы және түрін анықтау»](#) қараңыз.

ЕСКЕРТУ. Зақымдану мүмкіндігі: Тартпаға салынған қағаз принтер күйлеуінде көрсетілгендей болуы тиіс. Термоблок температурасы көрсетілген қағаз түріне байланысты өзгереді.

Басып шығару орындалады

Құжатты басып шығару

- 1 Принтерді басқару панеліндегі «Қағаз» мәзірінде жүктелген қағазға сәйкес қағаз форматын және түрін анықтаңыз.
- 2 Басып шығаруға тапсырма беріңіз:

Windows ОЖ пайдаланушылары үшін

- а Құжатты ашып, **Файл > Басып шығару** таңдаңыз.
- б **Свойства, Күйлеулер, Параметры** или **Настройка** таңдаңыз.
- в Қажеттілігі болғанда керек параметр.
- г **ОК > шығаруды басыңыз.**

Macintosh ОЖ пайдаланушылары үшін

- а «Page Setup» диалогтық терезеде параметрлерді күйлеңіз.

- 1 Құжатты ашып, **File (Файл) > Page Setup (Бет параметрлерін)** таңдаңыз.
- 2 Қағаз форматын таңдаңыз немесе жүктелген қағазға сай келетін пайдаланушылық форматты құрыңыз.
- 3 **ОК** басыңыз.

- б «Print» диалогтық терезесіндегі параметрлерді күйлеңіз.

- 1 Құжатты ашып, **File > Print** таңдаңыз. Егер қажет болса, қосымша параметрлерді көрсету үшін үшбұрыш түріндегі белгіні шертіңіз.
- 2 Қажеттілігі болғанда «Print» диалогтық терезесінде параметрлерді және ашылатын мәзірді күйлеңіз.

Ескертпе. Қағаздың белгілі бір түрін басып шығаруды орындау үшін, жүктелген қағазға сәйкес қағаз түрінің параметрін күйлеңіз немесе беруді таңдаңыз.

3 Басып шығару батырмасын басыңыз

Компьютерден басып шығару тапсырмасын жою

Windows пайдаланушылары үшін

- 1 Принтерлер папкасын ашыңыз, одан кейін принтеріңізді таңдаңыз.
- 2 Басып шығару кезегінде тоқтату қажет тапсырманы таңдаңыз және оны жойыңыз.

Macintosh пайдаланушылары үшін

- 1 Apple мәзірінің System Preferences (Жүйені күйлеулер) тармағынан өз принтеріңізге өтіңіз.
- 2 Басып шығару терезесінде жою немесе тоқтату қажет тапсырманы таңдаңыз.

Принтердің басқару панелінің көмегімен тапсырманы жою

Принтердің басқару панелінде  >  батырмасын басыңыз

Басып шығару үшін қағазды және арнайы материалдарды жүктеу

Тартпаға қағазды жүктеу



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ- ЖАРАҚАТТАНУ МҮМКІНДІГІ:


Жабдықтың тұрақты емес жұмысы қаупін азайту үшін әр тартпаны жеке жүктеңіз. Қалған беру құрылғыларын немесе тартпаны жабық күйінде ұстаңыз.

- 1 Тартпаны толығымен алыңыз.


Ескертпе. Басып шығару кезінде, сондай-ақ принтер дисплейінде **Бос емес** хабарламасы көрсетілгенде тартпаны ағытыңыз. Ол қағаздың бүктелуіне әкелуі мүмкін.



- 2 Қысыңыз, одан кейін жүктелетін қағаздың тиісті форматы жағдайына бағыттауыш енін жылжытыңыз.




- 3 Қысыңыз, одан кейін бағыттауыш ұзындықты жүктелетін қағаздың тиісті форматына, күйіне жылжытыңыз.



Ескертпе.

- Қағаздың кейбір форматтары үшін, мысалы letter, legal және A4, бағыттауышты қысып, қағаз барлық ұзындығына орналасуы үшін артқа жылжытыңыз
- Legal форматты қағазды жүктеуде бағыттауыш ұзындық қағазды шаң әсеріне ұшырата отырып, негіз шегінен тыс шығады. Қағазды шаңнан қорғау үшін шаң қорғаушы қаптаманы жеке сатып алыңыз. Мәліметтер алу үшін клиенттерді қолдау қызметіне жүгінізіз.
- Егер сіз стандартты тартпаға A6 форматты қағазды жүктесеңіз, алдымен қысыңыз, одан кейін бағыттауыш ұзындықтарды A6 форматының тиісті жағдайына ауыстырыңыз.

- Қағаз үшін бағыттауыш ендер және ұзындықтар тартпаның төменгі жағындағы форматтың индикаторына сәйкес келуін тексеріңіз.



- 1 Дестені бірнеше рет жан-жаққа парақтарды бөлу үшін бүгіңіз, одан кейін оны парақтаңыз. Бүктелген немесе иленген қағазды салмаңыз. Десте шеттерін тегі бетте тегістеніңіз.




- 2 Қағаз дестесін жүктеңіз.



Ескертпе.

- Қайталама шикізаттан қағазды немесе баспа бланкілерін төменге қаратып салыңыз.
- Тесілген саңылаулары бар қағазды тартпаның алдыңғы жағына парақтың жоғары жағындағы саңылауларымен салыңыз.
- Фирмалық бланкілерді бет жағымен төменге қаратып және тартпаның алдыңғы қабырғасына парақтың үстіңгі шетімен қойыңыз. Екі жақты басып шығаруды орындау үшін фирмалық бланкілерді бет жағымен жоғары, тартпаның алдыңғы бөлігіне төменгі шетімен жүктеген жөн.
- Қағаз бағыттауыш енің бүйірінде орналасқан барынша көп жүктеу индикаторымен белгіленген барынша көп биіктіктен аспайтынына көз жеткізіңіз.



3 Тартпаны қойыңыз.




7 Принтердің басқару панелінде «Қағаз» мәзірінде қағаз түрін және форматын тартпаға жүктелген қағазға сәйкес беріңіз.

Ескертпе. Басып шығарумен байланысты ақаулар және қағаздың бүгілулерін болдырмау үшін, қағаздың форматы және типін дұрыс көрсетіңіз.

Көп мақсатты беру құрылғысын жүктеу

Көп мақсатты беру құрылғысы арнайы қағазда немесе әр түрлі форматы және типті қағазда басып шығаруда пайдаланылады, мысалы карточкада, мөлдір қабышларада және конверттерде. Сондай-ақ фирмалық бланкілерде басып шығарудың жекелеген тапсырмаларын орындау үшін параметрлер мәнін өзгертуге болады.

1 Көп мақсатты беру құрылғысын ашыңыз.




а Көп мақсатты беру құрылғысының ашылатын бөлігін алыңыз.



б Ашылатын бөлігін көп мақсатты беру құрылғысын толығымен жылжыту және ашу үшін абайлап алыңыз.



- 2 Сол бағыттауыш енінде тілін қысыңыз, одан кейін одан кейін жүктелетін қағаздың тиісті форматы жағдайына бағыттауышты ауыстырыңыз.



- 3 Жүктеу үшін қағаз немесе арнайы материалды дайындаңыз.
- Қағаз дестесін бірнеше рет парақтарды бөлу үшін әр түрлі жаққа бүгіңіз, одан кейін дестені парақтаңыз. Бүктелген немесе иленген қағазды жүктемеңіз. Десте шеттерін тегіс бетте тегістеңіз.




- Мөлдір қабықшалар дестесін шетінен ұстаңыз. Мөлдір қабықшалар дестесін олардың жабысып қалмауы үшін бүгіңіз, одан кейін оны веермен ашыңыз. Десте шеттерін тегіс бетте тегістеңіз.

Ескертпе. Мөлдір қабықшаның жұмыс бетін ұстамаңыз. Қабықшаларды зақымдамауды қадағалаған жөн.

- Мөлдір қабықшалар дестесін шетінен ұстаңыз. Мөлдір қабықшалар дестесін олардың жабысып қалмауы үшін бүгіңіз, одан кейін оны веермен ашыңыз. Десте шеттерін тегіс бетте тегістеңіз.

Ескертпе. Мөлдір қабықшаның жұмыс бетін ұстамаңыз. Қабықшаларды зақымдамауды қадағалаған жөн.




- Конверттерді бірнеше рет конверттерді бөлу үшін жан-жаққа бүгіңіз, одан кейін дестені парақтаңыз. Десте шеттерін тегіс бетте тегістеңіз.



- 4 Қағазды немесе арнайы материалды басып шығару үшін жүктеңіз.

Ескертпе.


- Көп мақсатты беру құрылғысына арнайы немесе кәдімгі қағазды жүктеуде күш салмаңыз.
- Кәдімгі немесе арнайы қағаздың қағазды бағыттауыштарда орналасқан қағазды барынша көп жүктеу индикаторынан төмен орналасқанына көз жеткізіңіз. Тартпаның толуы қағаздың бүктелуін тудыруы мүмкін.



- Қағазды, мөлдір қабықтарды және карточкаларды принтерге үстіңгі шетімен үстіге шығару үшін бетімен жүктеген жөн. Мөлдір қабықшаларды жүктеу туралы қосымша мәліметтерді олардың орамында қараңыз.




Ескертпе. А6 форматты қағазды жүктеуде көп мақсатты беру құрылғысының ашылатын бөлігі қағаздың соңғы бірнеше соңғы парақтары өз орнында қалатындай, қағаздың шетіне сәл тірелетініне көз жеткізіңіз.



- Фирмалық бланкілерді бет жағымен жоғары, принтерге үстіңгі шетімен жүктеген жөн. Фирмалық бланкілерді екі жақты басып шығаруды орындау үшін бет жағымен төмен, принтерге төменгі жағымен жүктеген жөн.



- Клапанды берудің сол жағына конвертті төменге жүктеңіз



ЕСКЕРТУ. Зақымдануы мүмкін: Штамптары, қысқыштары, сырғытпалары, терезелері, төсемдері және өздігінен жабысатын детальдары бар конверттерді пайдаланбаңыз. Осындай конверттерді пайдалану принтердің маңызды зақымдануына әкелуі мүмкін.


5 Принтердің басқару панелінен «Қағаз» мәзірін ашыңыз және Қағаздың форматы және типін қағазға немесе көп мақсатты беру құрылғысына жүктелетін арнайы қағазға сәйкес анықтаңыз.

Бүгілулерді жою

Басып шығару үшін материалдардың бүктелуін болдырмау

Қағазды тиісті түрде жүктеңіз.

- Қағаздың тартпада тегіс жатқанына көз жеткізіңіз



- Принтер басып шығаруды орындағанда тартпаны алмаңыз.
- Тартпаға қағазды жүктеуді принтер басып шығаруды орындап жатқанда жасамаңыз. Оны басып шығару басталғанға дейін немесе жүктеуге сұраныстан кейін жасау қажет.
- Өте көп қағаз жүктемеңіз. Жүктелген қағаз дестесінің биіктігі қағазды барынша көп жүктеу индикаторынан төмен екеніне көз жеткізіңіз.

- Қағазды тартпаға салғанда күш салмаңыз. Дестені тартпаға суретте көрсетілгендей, жүктеңіз.



- Тартпадағы немесе көп функциялы беру құрылғысындағы бағыттауыштар дұрыс орнатылғанына және қағаз немесе конверттер дестесіне қатты сығылмағанына көз жеткізіңіз.
- Қағазды жүктегеннен кейін принтерді тірелгенге дейін тартпаға жылжытыңыз.

Ұсынылған қағазды пайдаланған жөн

- Басып шығару үшін ұсынылған қағаз немесе арнайы материалдарды ғана пайдаланыңыз.
- Принтерге бүгілген, майысқан, ылғал немесе бұралған қағазды жүктемеңіз
- Жүктер алдында қағаз дестесін жан жаққа бүгіңіз, оны парақтаңыз және шеттерін тегістеніз



- Кесілген немесе қолмен қиылған қағазды пайдаланбаңыз.
- Форматы, тығыздығы немесе түрі бойынша ерекшеленетін қағазды бір тартпаға орналастырмаңыз.
- Қағаздың форматы және түрі компьютерде немесе принтерді басқару дұрыс көрсетілгеніне көз жеткізіңіз.
- Қағазды сақтауда дайындаушының ұсыныстарын қадағалаңыз.


Екі жолды дисплейі бар принтер моделіндегі бүктелу

Қағаздың бүктелу орны туралы хабарламалардың мәні және олардың орналасу орны

Принтер дисплейінде бүктелу орны және оларды жою қажеттілігі туралы хабарлама көрсетіледі. Дисплейде көрсетілген есікті, қақпақты және тартпаларды бүктелуді жою үшін ашыңыз.

Ескертпе.

- Егер бүктелудегі көмекші функциясы қосылса, онда бүктелген парақты алғаннан кейін принтер автоматты түрде стандартты шығу тартпасына толығымен немесе бос шығарылған парақтарды жояды. Бүлінген парақтардың болуын басып шығарылған материалдарда тексеріңіз.
- Егер «Бүктелгеннен кейін қалпына келтіру» параметрі үшін «Қосу» немесе «Авто» мәні берілсе, принтер бүктелген парақтарды қайта басып шығарады. Алайда, «Авто» параметрі парақты шығаруды кепілдендірмейді.




	Аймағы	Принтерді басқару панеліндегі хабарлама	Жою бойынша нұсқаулықтар
1	Стандартты тартпа	Бүктелу, стандартты тартпа [20y.xx]	Бүктелген қағазды алыңыз.
2	Артқы есік	Бүктелу, артқы есік [20y.xx]	Артқы есікті ашыңыз, одан кейін бүктелген қағазды алыңыз.
3	1-тартпа	Бүктелу, 1-қалақты алыңыз. Көк клапанды басыңыз [23y.xx]	1-қалақты толығымен алыңыз, одан кейін блок бөлігінің алдыңғы бөлігіне клапанды басыңыз және бүктелген қағазды алыңыз. Ескертпе. Қағаздағы кейбір бүктелулерді алу үшін 23y.xx аймағында артқы есікті ашу қажет болады.
4	Тартпа [x]	Бүктелу, тартпа [x] [24y.xx]	Көрсетілген тартпаны алыңыз, одан кейін бүктелген қағазды алыңыз.
5	Көп мақсатты беру құрылғысы	КБК Бүктелу [250.xx]	Көп мақсатты беру құрылғысына барлық бүктелген қағазды алыңыз
6	Алдыңғы есік	Бүктелу, алдыңғы есік [20y. xx]	Алдыңғы есікті ашыңыз, одан кейін тонері, суреттерді қалыптастыру блогы бар картриджді және бүктелген қағазды алыңыз.

Бүктелу, алдыңғы есік [20у.xx]

 **НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ – ЫСТЫҚ БЕТ:** Принтердің ішкі детальдары қатты қыздырылуы мүмкін. Ыстық беттерге жанасуда күйлерді болдырмау үшін бет суығанша күтіңіз.

- 1 Принтердің оң панеліндегі батырманы басыңыз және алдыңғы есікті ашыңыз.




- 2 Тонері бар картриджді тартыңыз.



- 3 Жасыл тұтқаны көтеріңіз және принтерден суретті қалыптастырғышты алыңыз.



ЕСКЕРТУ. Зақымдану мүмкіндігі: Фотобарабанға жанаспаңыз. Нәтижесінде ол басып шығару сапасының төмендеуіне әкелуі мүмкін.




- 4 Суретті қалыптастырғышты жанына тегіс бетке қойыңыз.
ЕСКЕРТУ. Зақымдану мүмкіндігі: Суретті қалыптастырғышты жарық әсеріне 10 минуттан артық қалдырмаңыз. Жарықтың ұзақ әсері басып шығару сапасын төмендетуге әкелуі мүмкін.
- 5 Принтердің жасыл алдыңғы шалқайма есігін көтеріңіз.




- 6 Иленген қағазды әр жағынан алыңыз және принтерден мұқият алыңыз


Ескертпе. Қағаздың барлық үзіктері алынғанына көз жеткізіңіз.



- 7 Принтер ішіндегі бүйірлік бағыттағыштағы сызықтарды сәйкестендіріп, суретті қалыптастырғышты орнатыңыз, одан кейін принтерге қалыптастырғышты қойыңыз.




- 8 Принтердің ішіндегі бүйірлік бағыттағышындағы сызықты сәйкестендіріп, тонері бар картриджді орнатыңыз, одан кейін картриджді принтерге қойыңыз.



- 9 Алдыңғы есікті жабыңыз.
10 Принтердің басқару панелінде хабарламаны жою үшін **OK** басыңыз. және басып шығаруды жалғастыру үшін **OK** басыңыз.

Бүктелу, артқы есік [20y.xx]

- 1 Принтердің оң панеліндегі батырманы басыңыз және алдыңғы есікті ашыңыз.



- 2 Артқы есікті абайлап түсіріңіз.




НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ – ЫСТЫҚ БЕТ: Принтердің ішкі детальдары қатты қыздырылуы мүмкін. Ыстық беттерге жанасуда күйлерді болдырмау үшін беттің сууын күтіңіз.



- 3 Иленген қағазды әр жағынан алыңыз және принтерден мұқият алыңыз.

Ескертпе. Қағаз қалдықтарының толық алынғанына көз жеткізіңіз.



- 4 Артқы және алдыңғы есіктерді жабыңыз.

- 5 Принтерді басқару панелінде хабарламаны жою үшін және басуды жалғастыру үшін **OK** басыңыз.

Бүктелу, стандартты тартпа [20у.хх]


- 1 Иленген қағазды әр жағынан алыңыз және принтерден мұқият алыңыз.
Ескертпе. Қағаздың барлық жыртықтары алынғанына көз жеткізіңіз.




- 2 Принтерді басқару панелінде хабарламаны жою үшін және басуды жалғастыру үшін **OK** басыңыз.

1-тартпадан алынатын бүктелу. Көк клапанды басыңыз [23у.хх]

- 1 Тартпаны толығымен алыңыз.



- 2 Көк рычагты табыңыз және бүктелген қағазды босату үшін оны төмен тартыңыз.



Ескертпе. Егер бүктелген қағаз екі жақты басып шығару аймағында көрінбесе, артқы есікті ашыңыз және одан абайлап бүктелген қағазды алыңыз. Қағаз қалдықтарының толық алынғанына көз жеткізіңіз.

- 3 Иленген қағазды әр жағынан алыңыз және принтерден мұқият алыңыз.

Ескертпе. Қағаз қалдықтарының толық алынғанына көз жеткізіңіз.



- 4 Тартпаны қойыңыз.
5 Принтерді басқару панелінде хабарламаны жою үшін және басуды жалғастыру үшін **OK** басыңыз.


Бүктелу, тартпа [x] [24у.хх]

- 1 Тартпаны толығымен алыңыз.



- 2 Иленген қағазды әр жағынан алыңыз және принтерден мұқият алыңыз.

Ескертпе. Қағаздың барлық жыртықтары алынғанына көз жеткізіңіз.



- 3 Тартпаны қойыңыз.
- 4 Принтерді басқару панелінде хабарламаны жою үшін және басуды жалғастыру үшін **OK** басыңыз.

Бүктелу, КФҚ [250.xx]

- 1 Көп функционалды беру құрылғысынан иленген қағазды әр жағынан алыңыз және принтерден мұқият алыңыз.
Ескертпе. Қағаз қалдықтарының толық алынғанына көз жеткізіңіз.




- 2 Қағаз дестені бірнеше рет парақтарды ажырату үшін жан-жаққа бүгіңіз, одан кейін дестені парақтаңыз.

Бүктелген немесе иленген қағазды жүктемеңіз. Тегіс бетте десте шеттерін тегістегіз.



- 3 Көп мақсатты беру құрылғысына қағазды қайтадан жүктеңіз.



Ескертпе. Қағаз үшін бағыттауыштарды ол сәл ғана қағазға тірелетіндей жылжытыңыз.

- 4 Принтерді басқару панелінде хабарламаны жою үшін және басуды жалғастыру үшін **OK** басыңыз.

2,4 дюймді өлшемді экраны бар принтер моделіндегі бүктелу

Қағаздың бүктелуі және олардың орналасқан орны туралы хабарламалар мәні


Дисплейде бүктелу орны туралы мәліметтер және бүктелуді қалай жою керектігі туралы хабарлама көрсетіледі. Бүктелуді болдырмау үшін дисплейде көрсетілген есікті, қапқакты және тартпаларды ашыңыз.

Ескертпе.

- Егер бүктелгенде көмек функциясы қосылса, онда бүктелген парақты алғаннан кейін принтер

шығарылған стандартты шығыс тартпасындағы парақтарды жояды. Басып шығарылған материалдарда бүлінген беттердің болуын тексеріңіз.

- Егер "Бүктелгеннен кейін қалпына келтіру" параметрі "Қосу" немесе "Авто" жағдайына орнатылса, онда принтер қайтадан бүктелген беттерді шығарады. Алайда, «Авто» параметрі парақты шығаруды кепілдендірмейді.



	Аймағы	Басқару панеліндегі хабарлама	Жою бойынша нұсқаулықтар
1	Стандартты тартпа	Беттің бүктелуі [x], стандартты шығыс тартпасын тазалаңыз. [20y.xx]	Бүктелген қағазды алыңыз.
2	Артқы есік	Беттің бүктелуі [x], артқы есікті ашыңыз. [20y.xx]	Артқы есікті ашыңыз, одан кейін бүктелген қағазды алыңыз.


	Аймағы	Басқару панеліндегі хабарлама	Жою бойынша нұсқаулықтар
3	1-тартпа	Беттің бүктелуі [x], 1-тартпаны екі жақты шығару құрылғысын тазалау үшін. [23y.xx]	1-тартпаны толығымен алыңыз, одан кейін бүктелген қағазды алыңыз және екі жақты беттің құрылғыларының алдыңғы бөлігінің клапанын итеріңіз. Ескерту. Қағаздың кейбір бүктеулерін жою үшін 23y.xx аймағында артқы есік керек болуы мүмкін.
4	Тартпа [x]	Беттің бүктелуі [x], тартпаны ағытыңыз [x]. [24y.xx]	Көрсетілген тартпаны алыңыз, одан кейін бүктелген қағазды алыңыз.
5	Көп мақсатты беру құрылғысы	Беттің бүктелуі [x], қолмен беру құрылғысын тазалаңыз. [250.xx]	Көп мақсатты беру құрылғысынан барлық бүктелген қағазды алыңыз.
6	Алдыңғы есік	Беттің бүктелуі [x], алдыңғы есікті ашыңыз. [20y.xx]	Алдыңғы есікті ашыңыз, одан кейін тонері бар картриджді алыңыз, суреттерді қалыптастыру және бүктелген қағазды алыңыз.

Беттің бүктелуі [x], алдыңғы есікті ашыңыз. [20y.xx]



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ –ЫСТЫҚ БЕТ: Принтердің ішкі беттері қатты қыздырылуы мүмкін. Ыстық бетке жанасумен туындаған жарақаттың ықтималдығын төмендету үшін, бет суығанға дейін күтіңіз.

1. Принтер панелінің оң жағындағы батырманы басыңыз және алдыңғы есікті ашыңыз.




2. Тұтқаны ұстап, тонері бар картриджді алыңыз.



3. Жасыл тұтқаны көтеріңіз және принтерден суретті қалыптастыру блогын алыңыз.




ЕСКЕРТУ. Зақымдану мүмкіндігі: Сурет қалыптастырғыштың астындағы көк фотобарабанды ұстамаңыз. Нәтижесінде басып шығару сапасын төмендетуге әкелуі мүмкін.




4. Суретті қалыптастырғыштың жанына тегіс бетке орналастырыңыз. **ЕСКЕРТУ. Зақымдану мүмкіндігі:** Копи-картриджді жарықтың әсеріне 10 минуттан артыққа қалдырмаңыз. Жарықтың ұзақ әсері басып шығару сапасын төмендетуге әкелуі мүмкін.

5 Принтердің алдыңғы шалқайма жасыл есігін көтеріңіз.




6 Иленген қағазды әр жағынан алыңыз және принтерден мұқият алыңыз.


Ескертпе. Қағаз қалдықтарының толық алынғанына көз жеткізіңіз.



7 Принтер ішіндегі бүйірлік бағыттағыштардағы сызықтары бар бүйірлік бағыттауыштағы сызықтарды сәйкестендіріп, суретті қалыптастырғышты орнатыңыз.



8 Принтердің ішіндегі бүйірлік бағыттағыштағы сызықтары бар бүйірлік бағыттағыштармен сәйкес келетін тонері бар картриджді орнатыңыз одан кейін принтерді картриджке қойыңыз.




9 Алдыңғы есікті жабыңыз

10 Басқару панелінде Өрі қарай таңдаңыз

Өрі қарай > **OK** > Бүктелген қағазды алыңыз, "OK"
басыңыз > **OK**

**Бетті бүктеу [x], артқы есікті ашыңыз.
[20y.xx]**

1. Алдыңғы есікті ашыңыз.



2. Артқы есікті абайлап түсіріңіз



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ – ЫСТЫҚ БЕТ:

Принтердің ішкі детальдары қатты қыздырылуы мүмкін. Ыстық бетке жанасудан туындаған жарақаттану ықтималдығын төмендету үшін бет суығанға дейін күтіңіз.



- 3 Иленген қағазды әр жағынан алыңыз және принтерден мұқият алыңыз
Ескертпе. Қағаз қалдықтарының толық алынғанына көз жеткізіңіз.



- 4 Артқы есікті жабыңыз.
5 Басқару панелінде Әрі қарай таңдаңыз **Әрі қарай** >

OK

> Бүктелген қағазды алып, OK басыңыз >

OK

хабарламаны жою және басуды жалғастыру үшін.

Беттің бүктелуі [x], стандартты шығу тартпасын тазалаңыз. [20y.xx]

- 1 Иленген қағазды әр жағынан алыңыз және принтерден мұқият алыңыз.

Ескертпе. Қағаз қалдықтарының толық алынғанына көз жеткізіңіз.



- 2 Басқару панелінде **Әрі қарай** таңдаңыз >

OK

> Бүктелген қағазды алып, OK басыңыз, >

OK

хабарламаны жою және басуды жалғастыру үшін.

Парақтың бүктелуі [x], екі жақты басып шығару құрылғысын тазалау үшін 1- тартпаны алыңыз. [23y.xx]




НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ - ЫСТЫҚ БЕТ: Принтердің ішкі детальдары қатты қызуы мүмкін. Ыстық бетке жанасудан туындаған жарақаттың ықтималдығын төмендету үшін беттің суығанын күтіңіз.

- 1 Принтерден тартпаны толығымен алыңыз.




- 2 Көк рычагты табыңыз және бүктелген қағазды босату үшін оны төмен тартыңыз.



- 3 Иленген қағазды әр жағынан алыңыз және принтерден мұқият алыңыз.

Ескертпе. Қағаз қалдықтарының толық алынғанына көз жеткізіңіз.



- 4 Тартпаны қойыңыз.
- 5 Басқару панелінде **Өрі қарай** таңдаңыз>


OK >Бүктелген қағазды алып, **OK** басыңыз >

OK хабарламаны жою және басуды жалғастыру үшін.

Парақтың бүктелуі [x], тартпаны ашыңыз [x]. [24y.xx]

- 1 Принтерден тартпаны толығымен алыңыз.

Ескертпе. Принтер дисплейіндегі хабарламада қағаздың бүктелуі анықталған тартпа көрсетіледі.



- 2 Иленген қағазды әр жағынан алыңыз және принтерден мұқият алыңыз.
Ескертпе. Қағаз қалдықтарының толық алынғанына көз жеткізіңіз.



- 3 Тартпаны қойыңыз
- 4 Басқару панелінде **Өрі қарай** таңдаңыз>

OK > Бүктелген қағазды алыңыз, **OK** басыңыз, >

OK хабарламасын жою үшін және басуды жалғастыру үшін.


Парақтың бүктелуі [x], қолмен беру құрылғысын тазалаңыз. [25y.xx]

- 1 Көп функционалды беру құрылғысынан иленген қағазды әр жағынан алыңыз және принтерден мұқият алыңыз.


Ескертпе. Қағаз қалдықтарының толық алынғанына көз жеткізіңіз.



- 2 Қағаз дестесін парақтарды ажырату үшін әр жаққа біргеше рет бүгіңіз, одан кейін дестені парақтаңыз. Бүктелген және иленген қағазды жүктемеңіз. Десте шеттерін тегіс бетте тегістеңіз



3 Қағазды көп мақсатты беру құрылғысына қайта жүктеңіз.



Ескертпе. Қағаз бағыттағышты қағаздың шеті сәл ғана тірелетіндей етіп, жылжытыңыз

4 Басқару панелінде **Әрі қарай** таңдаңыз >

OK >Иленген қағазды алыңыз, **OK** басыңыз, >

OK хабарламаны жою және басып шығаруды жалғастыру

үшін.